

**Institutional service and outreach: a comparative analysis
of faculty members from Malaysian and Kazakhstani universities**

D. Bilyalov¹, M. Mussabayeva²

¹Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan),

²Nazarbayev University (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Abstract

Despite the theoretical and practical importance of studying the aspect of institutional service and outreach in the professional activities of faculty members, this area remains the least studied compared to the research and teaching aspects. Meanwhile, the investigation of the service aspect allows (1) to determine the directions in which faculty members associate their profession with the broader society; 2) to study the ways of knowledge and experience application by faculty members both within and outside the academy; 3) to identify ways and means of cooperation between academic professionals and social and commercial organizations. The purpose of this study is to study how faculty members of two universities: University of Malaya (Malaysia) and Nazarbayev University (Kazakhstan) understand and practice institutional service and outreach. The data was collected by conducting semi-structured in-depth interviews with 18 faculty members from two universities. All study participants gave their consent to collect and analyze data with the condition of maintaining anonymity. The results of the study are presented by the types of faculty members' service activities, the challenges faculty members face while being engaged in the institutional service and outreach, and also reveal the motives of faculty members involved in service activities. The results can inform not only the university administration, but also profitable and non-profitable organizations, as well as contribute to the research with a comparative element of various contexts on the topic.

Keywords: service; outreach; faculty members; higher education; Kazakhstan; Malaysia.

Поступила в редакцию 12.09.2022

FTAMP 06.81.23

DOI 10.51889/1912.2022.94.95.002

**Б.А. ТҰРҒЫНБАЕВА^{1*}, А.А. ЖАЙТАПОВА², А.Ш. ОРАКОВА¹,
Ф.Д. НАМЕТКУЛОВА¹, Е.ДҮЙСЕНБЕКОВ¹**

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,

²Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және

әлем тілдері университеті (Алматы, Қазақстан)

a.zhaitapova@mail.ru, amangul_orakova@mail.ru,

farida03@mail.ru, duisenbekov.e@mail.ru

**ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІНІҢ
НЕГІЗІ БІЛІМНІҢ ҮЗДІКСІЗДІГІНДЕ**

Аңдатпа

Бұл мақалада Қазақстандағы білім беру жүйесіндегі өзгерістеріне орай кәсіби құзыреттіліктері қалыптасқан мамандарды үздіксіз білім беру жүйесінде дамыту мәселесі қарастырылады. Үздіксіз білім беру жүйесі үш кезеңнен тұрады: *кәсіпке дейінгі дайындық, кәсіби дайындық және дипломнан кейінгі қосымша білім*. Осыған байланысты, мектеп оқушыларын педагогикалық мамандыққа бағыттау, жоғарғы оқу орындарындағы педагогтарды даярлау бағдарламаларын әзірлеу, сонымен қатар біліктілікті арттыру жүйесінде педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыру бағытының жұмыстарындағы қазіргі кезеңдегі түйткілді мәселелерге назар аударылады және өзіндік пікірлер ұсынылады.

Зерттеу мәселесіне байланысты мектеп тәжірибесінен алынған деректер, жоғары оқу орындары және біліктілікті арттыру саласы білім бағдарламаларына жасалған талдаулар қорытындылары келтіріледі, теориялық ұғымдарға қатысты талдаулар жасалып, ғылыми тұжырымдар беріледі. Бастауыш мектеп мамандарының біліктілік деңгейлері мен соларға сәйкес жасалған құзыреттіліктерінің авторлық моделі келтіріледі.

Түйін сөздер: үздіксіз білім беру; мамандыққа бағыттау; кәсіби даму; кәсіби құзыреттілік; сертификаттау.

Кіріспе. Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының жаңа жағдайында барлық деңгейдегі білім сапасын арттыру міндеті тұр. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы №790 қаулысымен бекілген Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2025 жылға дейінгі Тұжырымдамасында аталмыш саланың сапасын басқару білім саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясаты іске асыруға бағытталған сонымен қатар мемлекеттік және институционалдық құрылымдарды, білім беру ұйымдарының қоғамдастықтарын қамтитындығы атап көрсетіледі [1]. Үздіксіз білімнің әр сатысындағы сапаның қамтамасыз етілуі сөзсіз педагогикалық мамандардың сапалы болуына тікелей қатысты.

Бұл ретте педагогтардың құқықтары, әлеуметтік кепілдіктері мен шектеулері, міндеттері мен жауапкершіліктері белгіленген Қазақстан Республикасындағы «Педагог мәртебесі туралы» Заңның қабылдануы өте маңызды оқиға болды деп санаймыз [2]. Себебі мәртебелі ұстаз ғана саналы да сауатты, бастамашыл да, ұтқыр, алғыр да, жауапты ұрпақ тәрбиелейтіндігі сөзсіз. Білім беру жүйесіне қойылып отырған міндеттер педагогтардың кәсіби білімдерінің нәтижесі, іс-әрекетте табысқа жету құралы ретіндегі құзыреттіліктерін қалыптастырудың ерекшеліктерін арнайы зерттеудің қажеттілігін көрсетеді.

Материалдар мен әдістер. Педагогтың кәсіби дамуы оның өмір бойы оқуы нәтижесінде жүзеге асады. Мамандықта мәртебеге ие болуы үшін мұғалім өзінің кәсіби құзыреттіліктерін, шеберлігі мен шығармашылығын жетілдіріп отырумен тұрақты айналасуы керек. Ол үшін қазіргі уақытта тәжірибеде бар барлық мүмкіндіктерді пайдалануға ұмтылады. Тек сонда ғана өзі таңдаған кәсіби жолда ұзақ жасап, табысты, қажетті, сапалы маман

болады. Педагогтың бұл жолы – үздіксіз, тоқтаусыз, толассыз білім жолы.

Үздіксіз білім беру идеясы ХХ ғасырда, алғаш рет 1968 жылы ЮНЕСКО Бас конференциясының материалдарында қолданыла бастады. Бұл идеяның әмбебап және философиялық маңызы зор, өйткені оның мәні әр адамды үнемі жетілдіруге, шығармашылық және кәсіби дамуға, өмір бойы білімін, дағдылары мен қасиеттерін жаңартуға, демек, бүкіл қоғамның өркендеуіне ықпал етуге мүмкіндік береді. Үздіксіз білім беру (ағылш. lifelong learning) – бұл жеке тұлға мен қоғамның қажеттіліктерін мемлекеттік және қоғамдық институттар жүйесін пайдалану негізінде жүзеге асыру және соған сәйкес өмір бойы жеке тұлғаның білім алу (жалпы және кәсіби) әлеуетін арттыру үрдісі. Бұл жөнінде ғылымда үздіксіз білім беру қажеттілігі ғылым мен техниканың дамуымен, жаңашылдық технологияларды кеңінен қолданумен байланысты деген пікір бар [3]. Қазіргі уақыттағы мұғалімнің үздіксіз білім беру жүйесі үш кезеңде: *кәсіпке дейінгі дайындық, кәсіби дайындық және дипломнан кейінгі білімді арттыру* жүзеге асады.

Нәтижелер. Мақала көтеріп отырған мәселеге қатысты жүргізілген талдауларды алдымен үздіксіз білімнің алғашқы кезеңінен бастауды жөн көрдік. Қазіргі кезеңде жалпы білім беретін мектепке қойылатын негізгі талаптар айқындалды. Бұл оқушылардың жеке қабілеттерін дамыту, олардың қажеттіліктері мен бейімділіктеріне сәйкес сараланған оқытуды кеңейту, әртүрлі пәндерді тереңдетіп оқытатын мамандандырылған мектептер мен сыныптар желісін дамыту. Жас ұрпақтың кәсіби өзін-өзі анықтауының практикалық мәселелерін шешуге ықпал ететін кәсіптік бағдар беру жүйесін қалыптастыру, өз қабілеттеріне, дара ерекшеліктері мен қызығушылықтарына сай мамандықты

саналы түрде таңдауға жағдай жасау. Дегенмен, мектептерде оқушыларға кәсіби бағдар беру жұмыстары арнайы жоспарланбай, ара-кідік жүргізілетін шаралармен эпизодтық сипатта өткізілетіндігі анық. Мектеп оқушыларының қабілеттерін диагностикалау, ана-аналармен бірлесе отырып болашақ мамандыққа қатысты дұрыс бағыт беруде кемшіліктер бар. Мамандыққа бағыттауда мектептердің жоғары және арнайы оқу орындарымен бірлестікте жүргізілетін жұмыстары жеткілікті дәрежеде емес. Жыл ішінде колледждер, университеттер тарапынан оқытушылар келіп бірді-екілі кездесулер өткізіп, дайындаған буклеттерін таратып кетумен шектелетін жағдайлар жиі кездеседі.

Бұл келтірілгендер жалпы мамандыққа бағыттау туралы деректер болса, нақты педагогикаға оқушыларды қызықтыру, мамандықтың қоғам және жеке адам үшін құндылығын дәріптеу өте төмен дәрежеде, тіпті жоқ деуге болады. Сол себепті де соңғы жылдарға дейін мектеп бітірушілердің «өте жақсы», «ожақсы» оқыған бөлігінің мұғалім мамандығына деген құлшыныстарының төмен екендігі байқалды. Тек мұғалімдердің мәртебесі заң жүзінде айқындалып, жалақысының көбеюі жағдайды біршама дұрыстады деуге болады.

Педагогикалық оқу орыны түлектерінің басым бөлігінің мұғалім мамандығын саналы таңдап алмағандары, не болмаса оған кездейсоқ келгендері тәжірибемізде кездесіп жатады. Осыдан барып жоғары педагогикалық оқу орыны бітіргендердің мұғалімдік мамандықтың дипломымен басқа салада еңбек етуі, ал барғандардың ешбір энтузиазымсыз орташа мұғалім болуы орын алып жатуы жиі кездеседі.

Талдау. Мамандық – жеке адамның белгілі бір кәсіп бойынша іс-әрекеттер жүйесін игеруі. Мамандықта адам еңбекпен айналысады, сол саланы танып-біліп, кәсіп иесі ретінде қалыптасады. Кез келген мамандық адамнан жалпы және арнайы білімдерді, икемділіктер мен дағдыларды, қасиет – сапалардың болуын талап етеді. Белгілі бір саланың жақсы маманы болуы, дұрыс таңдау жасауға байланысты. Сондықтан мамандықты таңдау өз тағдырыңды таңдаумен тең.

Кәсіби бағдар беру жұмысының тарихы б.з.д. 3-мыңжылдықта Ежелгі Вавилонда басталғандығы тарихта белгілі болса, ал мансаптық бағдарлаудың мемлекеттік маңызы туралы мәселені алғаш рет 1575 жылы испан ғалымы Хуан Хуарте «Ғылымға деген қабілеттілікті зерттеу» кітабында қойған. Ғылыми карьералық бағыттың негізін қалаушы американдық ғалым, психолог Ф.Парсон болып саналады, ол Бостонда мансаптық бағдарлау кеңсесін құрған және басқарған. Қазіргі жағдайда кәсіптік бағдарлау дегеніміз – жас ұрпақты мамандық таңдауға дайындауға және жеке тұлғалық ерекшеліктеріне сәйкес кәсіптің талаптары мен қоғамның мамандарға деген қажеттіліктеріне сәйкес кәсіби өзін-өзі анықтауға ықпал ету.

«Кәсіби өзін-өзі анықтау» тұжырымдамасын нақтылауға және адамның еңбекке дейінгі субъектінің алдын-ала кәсіби онтогенезін сипаттауға арналған тәсілдердің дамуына ең көп үлес қосқан ғалым – Е.А. Климов. Кәсіби өзін-өзі анықтаудың теориялық негізін зерттеуші ретіндегі ғалымның еңбектерінде – бұл белгілі бір мазмұнға ие болатын адамның әрекеті. Кәсіби өзін-өзі анықтау іс-әрекет субъектісінің әлеуметтік белсенділігінің маңызды көріністерінің бірі болып табылатынды және оның кезеңдермен жүретіні, процестің ұзақтығы атап өтіледі. Оның теориясына сәйкес, «3-8 жас аралығындағы ойынды адам қызметінің негізгі мағынасын меңгеру, сондай-ақ белгілі мамандықтармен танысу тәсілі ретінде қарастырады [4].

Н.С. Пряжников оқушының өзін-өзі анықтауын олардың еркін әрекеті, өз бетінше мән-мағына іздеу, жаңа жолдар ашу өзін тану мен табу ретінде қарастырады. Оның пайымдауынша, кәсіби өзін-өзі анықтау жас ұрпақты белгілі бір еңбек түріне бағыттауға қатысты, баланың ішкі мақсатын, қарым қабілетін дамыту перспективаларын құру, түзету және іске асырудан тұратын педагогикалық үрдіс [5]. Олай болса, біз қарастырып отырған оқушының педагогикалық мамандыққа қатысты кәсіби өзін-өзі анықтауы мәселесі педагогтар, психологтар, ата-аналар және

қоғам болып бірлесе атқаратын іс деген тұжырым жасалады.

Психологтардың еңбектерін саралай келе, кәсіби өзін-өзі анықтау төмендегі кезеңдерімен және келесі ретпен жүзеге асатындығына назар аударамыз. Кәсіби

тұрғыдан өзін-өзі анықтау – бұл бір реттік оқиға емес, адамның бүкіл өмірінің мәселесі және ол мектепке дейінгі кезеңде басталады. Дәстүр бойынша, бұл үдерістің бірнеше кезеңдері мен қадамдары бар (Кесте 1).

Кесте 1

**Кәсіби өзін-өзі анықтау: кезеңдері, компоненттері, көрсеткіштері
 (Н.С. Пряжников бойынша)**

Кезеңдері	Компоненттері	Көрсеткіштері
Мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасында	Еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу,	Еңбекке ынталылық, мамандық жайлы қиялдар
Жасөспірім шақта	Кәсіби бағыттылықты қалыптастыру	Мамандықты алғашқы таңдау
Жоғары сыныптарда	Кәсіби өзіндік сананы қалыптастыру	Мамандыққа саналы ұмтылыс

Жасөспірімдердің белгілі бір мамандыққа деген қызығушылықтарының әртүрлі себептері болады. Көп жағдайда ата аналарының, жолдастарының ықпалы әсер етеді. Ал кейде мамандықтың қоғамдағы мәртебесі, алатын еңбек ақысы, демалыс уақыты т.б. факторлар басшылыққа алынады. Педагогикалық мамандық оқушыны білімдендіру, тұлға ретінде тәрбиелеу, дамыту, оның өзін өзі дамытуға қолайлы жағдайлар тудыруға бағытталған кәсіби қызмет. Мектеп оқушыларының мұғалімдік мамандықты таңдауына ықпал ету, оқушы бойындағы мұғалімдікке тән қасиеттерді көре білу, қоғамдық жұмыстар тапсырып, оларды әрі қарай жетілдіру, қызықтыру педагогикалық ұжымдардың алдында тұрған зор міндет. Бұл істі жоғары педагогикалық оқу орындарымен бірлесіп атқару нәтижелі етеді.

Ұстаздық мамандықты өзіне серік еткен студенттердің жағдайына көшер болсақ, біз еліміздегі бастауыш мектеп мамандарын даярлаумен айналысатын 4 ЖОО-ның білім бағдарламаларын зерделедік және одан төмендегідей қорытындылар жасадық: оларда білім мазмұны жоғары білім мамандықтарының жіктеуішіне (бакалавриат), ҚР «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасының 2017

жылғы 8 маусымдағы №133 бұйрығымен бекітілген «Педагог» кәсіби стандарты, Еуропалық біліктілік шеңберімен келісілген Дублиндік дескрипторлары талаптарына сәйкес құрастырылады. Университеттер білім бағдарламаларын өздерінің академиялық дербестіктеріне, географиялық орналасуына, кафедра оқытушы-профессорлар құрамының базалық біліктілігін, ғылыми әлеуетін ескере жасалғандың атап өтеміз. Білім беру бағдарламаларында пәндердің мазмұны, қалыптасатын құзыреттіліктері ұсынылады. Дегенмен кейбірінде құзыреттіліктер өте қысқа берілгендігі байқалады. Мұғалімдердің бастапқы кезде қиналатын сәттері – нормативтік құжаттарды білмеуден туындап жатады. Бұл мәселе де жоғарғы оқу орындарының білім бағдарламаларында қарастырылмайтындығы айқындалды. Бағдарлама авторларының осыған назар аударулары қажет деп санаймыз.

Жалпы алғанда, талданған білім бағдарламаларында бастауыш сынып педагогтарының кәсіби біліктілігін қамтамасыз ететін оқу пәндерін ендіруге ұмтылған. Кейбір оқу орындарында бастауыш сыныптағы математикалық бағыттағы пәндерге сағаттар бөлінсе, бір оқу орындары тілдік бағыттағы пәндерге, музыка,

кейбірінде ақпараттық, сандық оқытуға оқу пәндерін көбірек ұсынған. Бұл жалпы дұрыс болғанымен, алайда, студенттің бір ЖОО екінші бір оқу орына ауысатын жағдайында бірнеше сабақ бойынша айырма шығып үлкен кедергі пайда болатын тұстары да бар. Бұл қосымша ақшаны, уақытты, артық жүрісті талап етеді. Биылғы жылдан бастап енгізілген бітіруші студенттердің ұлттық біліктілік тестін тапсырудың міндеттелуі де білім беру бағдарламаларын қайта қарауды, жетілдіруді қажет етеді деп санаймыз.

Педагогтардың кәсібилігін дамыту жұмыстары үздіксіз білім беру жүйесінің келесі басқышы дипломнан кейінгі білімді толықтыру, қосымша білім алу, қайта даярлау арқылы жүзеге асады. Бұл ретте «кәсіби құзыреттілік» ұғымының мәніне тоқталу қажеттігі туындайды.

Кәсіби құзыреттілік – жеке тұлғаның белгілі бір мамандық саласындағы міндеттерді орындау үшін теориялық білімі мен практикалық тәжірибесінің болуы, сол қызметті атқаруға даяр болуы. Басқаша айтсақ, мамандық иесінің біліктілігі, білімін практикалық мәселелерді шешуде, шешім қабылдауда қолдана алуы. Мұндай маман жаңа ұтымды ұсыныстар жасауда белсенділігін, бастамашылдығын танытады.

Белгілі ғалым Н.В. Кузьмина мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін оның оқу-тәрбие міндеттерін тиімді шешуге мүмкіндік беретін жеке басының қасиеті ретінде түсіндіреді [6]. Кәсіби құзыреттілік педагогтың инновациялық әрекетінде, педагогикалық шығармашылығында, іскерлік қабілетінде көрініс береді. Бұл сапа ұдайы ізденіс, тұрақты даму, білімді толықтыру мен тәжірибені шыңдау немесе үздіксіз білім арқылы қалыптасатындығы белгілі.

Үздіксіз білім өмір бойы оқуға деген ұмтылыс көптеген ғасырлар бұрын пайда болған, жаңа білім алу қажеттілігі туралы ой Киелі кітапта, Құранда және басқа да ежелгі жазбаларда айқын көрініс тауып, бүгінде адамның іс-әрекеттерінің негізгі түрі болып отыр. Әр елдерде және әрқандай хронологиялық кезеңдерде «үздіксіз білім беру» ұғымы әр түрлі термин-

дермен белгіленген. ЮНЕСКО ақпараты бойынша, бұл ұғымға қатысты 20-ға жуық терминдер қолданылады. Олардың ішінде *жалғастырмалы білім* (continuing education), қайтадан бастап білім алу (recurrent education), ары қарай білім алу (further education), диплом алғаннан кейінгі білім (postgraduate education), компенсаторлы білім (remedial) және тағы басқалары. АҚШ-та негізінен «ғұмыр бойғы білім», Англияда «өмір бойы жалғасатын білім», Швецияда «қайта басталған білім» деген терминдер қолданылса, Францияда қолданылатын бұл ұғымның эквиваленті – «перманенттік білім» [7].

Келесі авторлар үздіксіз білім беруді – әр уақытта және кез келген адам үшін ашық жүйе, сондықтан да тұлға дамуының қайнар көзі деп қарастырады. Адам өміріндегі болатын өзгеріс жағдайларында өздігінен білім алып, жаға білім мен тәжірибе жинақтауға мүмкіндік беретін, ұдайы ынталандырып тұратын үрдіс деп санайды [8].

Үздіксіз білім беру жүйесі бұл мемлекеттің әр адамның өз қажеттілігіне сай жалпы және кәсіби білім алуы, тұлғараалық қарым-қатынасқа түсуі, әлеуметтік-мәдени болмысын жетілдіру жолдарының, тәсілдері мен құралдарының біртұтас педагогикалық жүйесі ретінде қарастырылады деген де пікір де бар. [9]. Келтірілген пікірлермен толық келісуге болады.

Үздіксіз білім жүйесіндегі бастауыш мектеп білім негізі, тұлғаның жалпы жетістіктерінің бастауы болып табылады. Бастауыш білім – бұл әркімге не істейтінін, оқуды қалай жалғастыратынын таңдауға мүмкіндік беретін таптырмайтын «төлқұжат». Сондықтан бастауыш білім беруге байланысты мәселелер тек кәсіби мамандардың ғана емес, көптеген ғалымдардың, сондай-ақ жас зерттеушілердің назарын аударуда. Оларда кіші жастағы оқушыларды білімдендіру, тәрбиелеу мен дамытуға қажетті педагогтардың әртүрлі құзыреттіліктерін жетілдіру мәселелері қарастырылады. Атап айтсақ Парфенова Т.А. зерттеуінде, бастауыш мектеп мұғалімінің жобалық құзыреттілігін – бұл жеке тұлғаның

белгілі бір қасиеттерінің жиынтығына, оның оқушыларының оқу іс-әрекетін болжауды, мақсат қоюды, модельдеуді және ұйымдастыруды анықтайтын, белгілі бір уақытта және белгілі бір ресурстарды қолдана отырып нәтиже алуды қамтамасыз ететін мұғалімнің кәсіби-педагогикалық құзыреттілігінің құрамдас бөлігі деп есептейді [10].

Игнатова О.И. өз жұмысында бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби табыстылығына олардың құзыреттілігінің көрінісі ретінде баға беріп, бұл сапаны дамытудың көрсеткіштері, деңгейлері анықталған моделін ұсынады [11].

Талданған еңбектердегі түйінді ойларды ескере келе, біз үздіксіз білім жүйесінде бастауыш мектеп педагогтерінің біліктілік деңгейлері және соларға сәйкес тиісті құзыреттіліктері айқындалған жоғары білім мамандықтарының жіктеуішіне (бакалавриат), «Педагог» кәсіби стандарты, Еуропалық біліктілік шеңберімен келісілген Дублиндескрипторларына сәйкестендірілген үздіксіз білім беруді жүзеге асыру моделін жасадық. Бастауыш саласы педагогтарының

үздіксіз білім беру жүйесіндегі басқыштар бойынша 8 деңгейі анықталып, сәйкес құзыреттіліктерінің мазмұны ашылды (1-сурет).

Мұғалімдердің үздіксіз білім беруді жүзеге асыру моделін әзірлеудің теориялық негіздері айқындау мақсатында ҚР үздіксіз педагогикалық білім берудің мемлекеттік нормативтік-құқықтық құжаттары зерделенді. Олардың қатарында «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы № 133 бұйрығына қосымша «Педагог» кәсіби стандарты [12]; өмір бойы оқыту (үздіксіз білім беру) тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 8 шілдедегі № 471 қаулысы [13], Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты [12] талданып, бастауыш мектеп мамандарының үздіксіз білім моделін жасауда басшылыққа алатын тұстары айқындалды.



1-сурет. Бастауыш мектеп педагогтерінің үздіксіз білім беру жүйесінде кәсіби құзыреттілігін дамытудың теориялық моделі

Киіз үй формасындағы модельдің шаңырағында «педагог» ұғымы көрсетіліп 8 уықта; маманның негізгі орта білім болуы және/немесе жұмыс орнында қысқа мерзімді оқыту (нұсқама) және/немесе қысқа мерзімді курстар; аяқталған арнайы орта білім және тәжірибенің болуы; мамандығы бойынша емес жоғары білімінің немесе аяқталмаған жоғары білімінің болуы; практикалық тәжірибесіз аяқталған жоғары білімнің болуы (бакалавриат); аяқталған жоғары білім (бакалавриат) 3 жылға дейінгі тәжірибенің болуы; жоғары білім. Бакалавриат, практикалық тәжірибе. Бейіндік магистратура; жоғары оқу орнынан кейінгі білім. Магистратура, практикалық тәжірибе; жоғары оқу орнынан кейінгі білім. Философия докторы (PhD), педагогика ғылымдарының кандидаты, педагогика ғылымдарының докторы сияқты біліктілік деңгейлері орналастырылды.

Әр деңгейге сәйкес: педагогика, психология, физиология, гигиена оқыту пәндері әдістемесі, заманауи технологияларды және сандық технологияларды қолдану, тәрбие зерттеушілік әрекет, жалпы мәдениетті дамыту салаларындағы құзыреттіліктер жиынтығы керегелерге жинақталды. Ал «өмір бойы білім алу» немесе LLL-дың құрамалары: қажеттіліктер, формалар, технологиялар, әдістер, құралдар мен бағыттар іргетасқа бекітілді. Осы ұлттық әрі символикалық мәні бар нобайды педагогтарды сертификаттауда басшылыққа алуға болады деп санаймыз.

Латын тілінен аударғанда «сертификаттау» (Sertifico) сөзі растаймын, куәландырамын деген мағынаны білдіреді. «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым

министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығында қызметкерлердің өздерінің құзыреттілігі мен біліктілік деңгейінің педагогикалық қызметінің түрі бойынша кәсіби стандарттың талаптарына сәйкес келетіндігін растау үрдісі ретінде сипатталады. Басқаша айтқанда: сертификаттау – бұл пән мұғалімінің жоғары білім деңгейі, оны оқыту әдістері және білім беру саласындағы нормативтік актілер туралы тәуелсіз қорытынды. Сертификат мұғалімге өзінің жоғары білікті маман екенін дәлелдеуге мүмкіндік береді. Ал сертификаттау арқылы мемлекет білім беру мен тәрбиелеудің тиімділігін арттыру, оқу орындарын сапалы, білікті мамандармен қамтамасыз ету мәселесін шешеді. Бұл өз кезегінде қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың дұрысталуына ықпал етеді.

Қорытынды. Жоғарыда келтірілгендерге сүйене отырып, үздіксіз білім – бұл белгілі бір құрылымдық ерекшеліктермен, функционалды байланыстарымен және оқыту технологияларымен сипатталатын педагогикалық жүйе ғана емес, сонымен бірге бүкіл қоғамның нақты құрамдас бөлігі. Ол маманның кәсіби өмірімен, алға жылжумен, дамуымен тығыз байланысты деген тұжырым жасалады. Үздіксіз білім оқытудың теориясы мен әдістемесі саласында дамудың жаңа жолдарын ашу, оқытудың даралануын қамтамасыз ету, жаңа технологияларды, ең ұтымды техникалық құралдарды қолдану арқылы жүзеге асады. Бұл үрдісте жоғары нәтижелерге жету оның «кейіпкерлері» педагогтардың кәсібилігі, құзыреттілігі, шығармашылығына тікелей байланысты. Жүйе осы сапаларды әр педагог бойына дарытуға, әрі қарай дамытуға жұмыс жасауы тиіс.

Пайдаланылған әдеби қайнар көздер тізімі:

[1] Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2025 жылға дейінгі Тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы № 790 қаулысымен бекілген [Электрондық ресурсы]://<https://www.zakon.kz/5087472-kontseptsiyu-razvitiya-obrazovaniya-do.html> (өтінім берілген күні: 01.06.2022).

[2] Педагог мәртебесі туралы: Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 тамыздағы №645 қаулысы. [Электрондық ресурсы]:// <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000645> (өтінім берілген күні: 15.05.2022).

- [3] Warner K. Schaie, Sherry L. Willis. Handbook of the Psychology of Aging. Academic Press, 2010. – 419 p.
- [4] Климов Е.А. Психология профессионального самоопределения. 2-е изд. – М.: Академия, 2004. – С.304.
- [5] Пряжников Н.С., Румянцова Л.С. Самоопределение и профессиональная ориентация школьников. – М.: Академия, 2013.
- [6] Кузьмина Н.В. Специалисты – субъекты изучения продуктивности своей деятельности (в свете акмеологической теории фундаментального образования) //Акмеология. Методологические и методические проблемы. – СПб.: ЦСИ, 2005.
- [7] Онушкин Е.В. Непрерывное профессиональное образование взрослых во Франции. – М., 2005. – С. 190.
- [8] Zhandarbek Ermekovich Imanchiyev and Guldana Sarsenbaikyzy Shaumen. Professionally-significant Features of Master’s Studies Graduates of Social Specialities and the Model of Their Formation //Middle-East Journal of Scientific Research. – 2013. – 17 (2). – PP.177-187.
- [9] Sovetkanova D., Turgunbayeva B., Innovative methods and technologies of training specialists in the conditions of postgraduate pedagogical education //International Journal of Emerging Technologies in Learning. – 2021. – Vol.16, Issue 19. – PP.109-123.
- [10] Парфенова Т.А. Формирование проектной компетентности будущих педагогов начальной школы: Дисс... канд.пед.наук. – Самара, 2019. – С. 258.
- [11] Игнатова О. И. Развитие профессиональной успешности учителей начальных классов в условиях инновационно-образовательной среды: Дисс... канд.пед.наук. – Ялта, 2019. – С. 256.
- [12] Педагогтың кәсіби стандарты. Қазақстан Республикасы «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы № 133 бұйрығына қосымша [Электрондық ресурс]:// https://atameken.kz/uploads/content/files/ПС%20Педагог_каз.pdf (өтінім берілген күні:01.06.2022).
- [13] Өмір бойы оқыту (үздіксіз білім беру) тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 8 шілдедегі № 471 қаулысы [Электрондық ресурс]:// <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000471> (өтінім берілген күні: 05.05. 2022).
- [14] Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 16 қазанда № 17553 болып тіркелді (өтінім берілген күні: 01.06.2022).
- [15] Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы. [Электрондық ресурс]:// (өтінім берілген күні: 25.05.2022).

References:

- [1] Kazakstan Respublikasynda bilim berudi damytudyn 2025 zhyлга dejingi Tuzhyrymdamasy. Kazakstan Respublikasy Ukimetinin 2021 zhyлgy № 790 kaulysymen bekilgen [E’lektrondyk resurs]://<https://www.zakon.kz/5087472-kontseptsiyu-razvitiya-obrazovaniya-do.html> (otinin berlgen kuni: 01.06.2022).
- [2] Pedagog martebesi turaly: Kazakstan Respublikasy Zanyryn zhobasy turaly Kazakstan Respublikasy UkimetiniN 2019 zhyлgy 31 tamyzdagy №645 kaulysy. [E’lektrondyk resurs]:// <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000645> (otinin berlgen kuni: 15.05.2022).
- [3] Warner K. Schaie, Sherry L. Willis. Handbook of the Psychology of Aging. Academic Press, 2010. – 419 p.
- [4] Klimov E.A. Psihologiya professional’ nogo samoopredeleniya. 2-e izd. – M.: Akademiya, 2004. – 304 s.
- [5] Pryazhnikov N.S., Rumyancova L.S. Samoopredelenie i professional’ naya orientaciya shkol’nikov. – M.: Akademiya, 2013.
- [6] Kuz’mina N.V. Specialisty – sub’ekty izucheniya produktivnosti svoej deyatel’nosti (v svete akmeologicheskoy teorii fundamental’ nogo obrazovaniya) //Akmeologiya. Metodologicheskie i metodicheskie problemy. – SPb.: CSI, 2005.
- [7] Onushkin E.V. Nepreryvnoe professional’noe obrazovanie vzroslyh vo Francii. – M., 2005. – 190 s.
- [8] Zhandarbek Ermekovich Imanchiyev and Guldana Sarsenbaikyzy Shaumen. Professionally-significant Features of Master’s Studies Graduates of Social Specialities and the Model of Their Formation //Middle-East Journal of Scientific Research. – 2013. – 17 (2). – RP.177-187.

[9] Sovetkanova D., Turgunbayeva B., Innovative methods and technologies of training specialists in the conditions of postgraduate pedagogical education // International Journal of Emerging Technologies in Learning. – 2021. – Vol.16, Issue 19. – PP.109-123.

[10] Parfenova T.A. Formirovanie proektnoj kompetentnosti budushchih pedagogov nachal'noj shkoly: Diss... kand.ped.nauk. – Samara, 2019. – 258 s.

[11] Ignatova O. I. Razvitie professional'noj uspehnosti uchitelej nachal'nyh klassov v usloviyah innovacionno-obrazovatel'noj sredy: Diss... kand.ped.nauk. – YAlta, 2019. – 256 s.

[12] Pedagogtyn kasibi standarty. Kazakstan Respublikasy «Atameken» Ultyk Kasipkerler palatasy Baskarma Toragasynyn 2017 zhylygy 8 mausymdagy № 133 buirygyna kosymsha [E'lektronnyk resurs]:// https://atameken.kz/uploads/content/files/PS%20Pedagog_kaz.pdf (otinin berlgen kuni: 01.06.2022).

[13] Omir boiy okytu (uzdiksiz bilim beru) tuzhyrymdamasy bekitu turaly Kazakstan Respublikasy Ukimetin 2021 zhylygy 8 shildedegi № 471 kaulysy [E'lektronnyk resurs]:// <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000471> (otinin berlgen kuni: 05.05. 2022).

[14] Bastauysh, negizgi orta zhane zhalpy orta bilimnin zhalpy bilim beretin oku bagdarlamalaryn iske asyratyn bilim beru uiymdaryna okuga kabyldaudyn ulgilik kagidalaryn bekitu turaly Kazakstan Respublikasy Bilim zhane gylm ministrinin 2018 zhylygy 12 kazandagy №564 buirygy. Kazakstan Respublikasynyn Adilet ministriliginde 2018 zhylygy 16 kazanda №17553 bolyp tirkeldi (otinin berlgen kuni: 01.06.2022).

[15] Tiisti ulgidegi zhane turdegi bilim beru uiymdary kyzmetinin ulgilik kagidalaryn bekitu turaly: Kazakstan Respublikasy Bilim zhane gylm ministrinin 2018 zhylygy 30 kazandagy №595 buirygy. [E'lektronnyk resurs]:// <https://adilet.zan.kz/kaz> (otinin berlgen kuni: 25.05.2022).

Основа профессиональной компетентности педагогов в непрерывности образования

Б.А. Тургунбаева^{1*}, А.А. Жайтанова², А.Ш. Оракова¹, Ф.Д. Наметкулова¹, Е.Дүйсенбеков¹

¹ *Казахский национальный педагогический университет имени Абая,*

² *Казахский университет международных отношений и мировых языков Абылай хана
(Алматы, Казахстан)*

Аннотация

В контексте изменений в системе образования в Казахстане авторами статьи рассматривается проблема развития специалистов со сформированными профессиональными компетенциями в условиях непрерывного образования. Известно, что система непрерывного образования включает три этапа: допрофессиональная подготовка, профессиональная подготовка и последиplomное дополнительное образование. В связи с этим уделено внимание проблемным вопросам по ориентации школьников на педагогическую специальность, по разработке программ подготовки педагогов в высших учебных заведениях, а также совершенствованию профессиональной компетентности педагогов в системе повышения квалификации и предложены собственные выводы. В связи с проблемой исследования приводятся данные изучения школьной практики, анализа образовательных программ высших учебных заведений и сферы повышения квалификации, дается анализ теоретическим понятиям и обобщены научные выводы. В статье представлена авторская модель квалификационных уровней и соответствующих с ними компетенций специалистов начальной школы.

Ключевые слова: непрерывное образование; ориентация на профессию; профессиональное развитие; профессиональная компетентность; сертификация.

The basis of professional competence of teachers in continuity of education

B. Turgunbaeva^{1*}, A. Zhaytanova², A. Orakova¹, F. Nametkulova¹, E. Duisenbekov¹

¹ *The National Pedagogical University named after Abay,*

² *Kazakh University of International Relations and World Languages named after Abylai Khan
(Almaty, Kazakhstan)*

Abstract

In the context of changes in the education system in Kazakhstan, the authors of the article consider the problem of developing specialists with formed professional competencies in the conditions of continuous

education. It is known that the system of continuous education includes three stages: pre-professional training, professional training and postgraduate additional education. In this regard, attention is paid to problematic issues in the orientation of schoolchildren to a pedagogical specialty, the development of training programs for teachers in higher educational institutions, as well as the improvement of the professional competence of teachers in the system of advanced training, and their own conclusions are proposed.

In connection with the research problem, the data of the study of school practice, the analysis of educational programs of higher educational institutions and the field of advanced training are given, an analysis of theoretical concepts is given and scientific conclusions are summarized. The article presents the author's model of qualification levels and the corresponding competencies of primary school specialists.

Keywords: continuous education, profession orientation, professional development, professional competence, certification.

Редакцияға 30.10.2022 қабылданды.

МРНТИ 14.25.09

DOI 10.51889/1837.2022.45.47.003

Р.М. КАРИМОВА¹, Т.Н. ФОМИНА*¹

¹Павлодарский педагогический университет (Павлодар, Казахстан)

bahados_@mail.ru, docent_t_n@mail.ru

ИЗУЧЕНИЕ ПОРТРЕТА ВОЛОНТЕРА НА ПРИМЕРЕ КАЗАХСТАНСКОЙ СТУДЕНЧЕСКОЙ МОЛОДЕЖИ

Аннотация

Данная статья включает в себя исследование изучения портрета современного волонтера на примере казахстанской студенческой молодежи. Рассмотрены принципы на которых базируется волонтерство, методы теоретического анализа литературных источников, даны ценные рекомендации по портрету современной студенческой молодежи согласно которому можно проводить качественный отбор бойцов в ряды волонтерской студенческой молодежи. Деятельность волонтеров позволяет студентам-волонтерам жить интересной студенческой жизнью, общаться с теми, кто близок им по духу, быть нужным людям. Волонтерство помогает студенческой молодежи развивать в себе такие качества как взаимовыручка и помощь ближнему, дружба и товарищество, чувствовать поддержку друга, товарища и самому оказывать другим помощь. Поэтому и актуальность данного исследования была решена преобразованиями в системе образования в нашем казахстанском обществе в состоянии сотрудничества национальных традиций, быстрых социально-экономических изменений, решающих социальное положение в развитии молодежи.

Ключевые слова: волонтерство, бескорыстность, тимуровцы, доброта, забота, воспитание.

Введение. Деятельность волонтеров в Казахстане имеет многовековую историю, появление волонтеров в казахском народе проявлялось еще в зарождении организованных социально общественных отношений. Поэтому и актуальность данного исследования была решена преобразованиями в системе образования в нашем казахстанском обществе в состоянии сотрудничества национальных традиций, быстрых социально-экономических изменений, решающих социальное положение развития студенческой молодежи. Волонтерством считается деятельность,

направленная на оказание безвозмездной помощи людям, которые не являются родственниками человеку, оказывающему услуги и не ожидая за это материального вознаграждения.

Проблемами волонтерства в мире заняты многие ученые: Р.С. Жаркынбаева, Л.А. Кудринская, М.В. Певная, М.Олчман, П.Джордан, Н.Ю.Слабжанин, Р.Н. Азарова, И.В. Антонович, Г.П. Бодренкова, В.Г. Лапина, И.В. Мерсиянов и др.

Казахстанские ученые также вносят свой вклад в формирование и развитие теории и практики социализации молодого поколения.